

орындалуға тиіс.» деген сөздер «қайта құрылымдау туралы;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешімдер дереу орындалуға тиіс.»;

2) 289-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы;»;

3) мынадай мазмұндағы 34-2-тараумен толықтырылсын:

«34-2-тарау. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен

бұрын аяқтау туралы істерді қарау

312-7-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын

аяқтау туралы істерді қарау

Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы істерді сот Қазақстан Республикасының астық және мақта саласын дамыту туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктермен осы Кодексте көзделген жалпы қағидалар бойынша қарайды.

312-8-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын

аяқтау туралы өтініш беру және оның мазмұны

1. Сотқа астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті прокурор және (немесе) астық нарығын реттеу және мақта саласын дамыту саласындағы уәкілетті орган б е р е д і .

2. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды е н г і з у т у р а л ы ө т і н і ш т е :

1) астық қабылдау кәсіпорнының немесе мақта өңдеу ұйымының атауы және м е к е н ж а й ы ;

2) уақытша басқаруды енгізу үшін негіз;

3) уақытша басқару әрекетінің басталуы және енгізілу мерзімі көрсетіледі. Өтінішке уақытша басқару жөніндегі комиссияның дербес құрамы қоса беріледі.

3. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініште:

1) астық қабылдау кәсіпорнының немесе мақта өңдеу ұйымының атауы және м е к е н ж а й ы ;

2) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау үшін негіз;

3) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару

аяқталатын

күн

көрсетіледі.

Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішке :

- 1) астық қабылдау кәсіпорнын тазалау актісінің көшірмесі;
- 2) астық қабылдау кәсіпорнын тексеріп қарау актісінің көшірмесі;
- 3) уақытша әкімшілік қызметінің нәтижелері туралы есептің көшірмесі;
- 4) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның отырысы хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішке :

- 1) уақытша әкімшілік актісінің көшірмесі;
 - 2) уақытша әкімшілік қызметінің нәтижелері туралы есептің көшірмесі;
 - 3) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару жөніндегі комиссияның отырысы хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.
- 312-9-бап. Өтінішті қарау мерзімі

Сот астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы өтінішті сотқа өтініш түскен күнінен бастап алты күн ішінде және астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті ол сот ісін жүргізуге қабылданған күнінен бастап бес күн ішінде қарайды.

312-10-бап. Өтініш бойынша сот шешімі

1. Уақытша басқаруды енгізу немесе мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтінішті қарау нәтижелері бойынша сот астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу немесе мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім шығарды.

Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы сот шешімі мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) астық қабылдау кәсіпорнының немесе мақта өңдеу ұйымының атауы;
- 2) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу үшін негіз;
- 3) уақытша басқару әрекетінің басталуы мен енгізілу мерзімін айқындай отырып, астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы нұсқау;
- 4) кемінде бес адамнан тұратын уақытша басқару жөніндегі комиссия құрамы.

Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы сот шешімі мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) астық қабылдау кәсіпорнының немесе мақта өңдеу ұйымының атауы;
- 2) уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау үшін негіз;
- 3) астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару

2. Астық қабылдау кәсіпорнын немесе мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу немесе мерзімінен бұрын аяқтау туралы сот шешімінің көшірмесін сот астық қабылдау кәсіпорнына немесе мақта өңдеу ұйымына және астық нарығын реттеу және мақта саласын дамыту саласындағы уәкілетті органға шешім шығарылған күннен бастап үш күн мерзімде жолдайды.».

2. «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат):

1) 381-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«381-2-бап. Әкімшілік деректер ұсыну тәртібін бұзу

1. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді уақтылы ұсынбау, дәйексіз деректер ұсыну -

әкімшілік дереккөздердің лауазымды адамдарына он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректерді ұсынбау, сондай-ақ осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер - әкімшілік дереккөздердің лауазымды адамдарына жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.».

3. «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 2, 12-құжат; № 15-16, 232-құжат; 2003 ж., № 19-20, 148-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 13-14, 58-құжат; № 20, 89-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат):

1) 1 - б а п т а :

9), 10) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 30), 31), 32) тармақшалармен толықтырылсын:

«30) электрондық астық қолхаты – астық иесінен астықтың сақтауға қабылданғанын растау ретінде астық қабылдау кәсіпорны тіркейтін астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізіліміндегі электрондық жазбалар жиынтығы;

31) астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімі – электрондық астық қолхаттары туралы мәліметтер жиынтығы;

32) астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімінің әкімшісі – электрондық астық қолхаттары жүйесінің жұмыс істеуін және сүйемелденуін қамтамасыз ететін заңды тұлға.»;

2) 5 - б а п т а :

7-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1), 14-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«13-1) азық-түлік астығының мемлекеттік резервін пайдалану туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

14-1) Астық қабылдау кәсіпорны сақтауға қабылдаған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісін айқындау, сондай-ақ астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі орын алған кезде залалдың мөлшерін есептеу қағидаларын бекітеді;»;

3) 6 - б а п т а :

3), 17), 23), 26) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес астық қабылдау кәсіпорындарының: астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу; астықты сақтау; астық қолхаттарының берілуі, айналымы және өтелуі қағидаларын сақтауын бақылау;»;

«17) сотқа астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініш беру;»

«23) астық дақылдарының екі жүз елу гектар және одан да көп егіс алаңдары бар отандық астық өндірушілерден мемлекеттік астық ресурстарына астық сатып алу квоталарын облыстар бөлінісінде бекіту;»;

«26) агент пен отандық астық өндіруші арасындағы көктемгі-жазғы қаржыландыру арқылы мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізу шартының үлгілік нысанын бекіту;» ;

мынадай мазмұндағы 26-1) тармақшамен толықтырылсын:

«26-1) астық жеткізу фактісі бойынша төлем жасау шартымен мемлекеттік астық ресурстарына астық жеткізудің: агент пен отандық астық өндіруші; агент пен астықты экспорттаушы арасындағы шартының үлгілік нысанын бекіту;»;

32) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 32-1) тармақшамен толықтырылсын:

«32-1) Астық қабылдау кәсіпорны сақтауға қабылдаған астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісін айқындау, сондай-ақ астық сапасының жоғалу немесе нашарлау фактісі орын алған кезде залалдың мөлшерін есептеу қағидаларын әзірлеу;»;

4) 14 - б а п :

4) тармақшадағы «қамтамасыз етуге міндетті.» деген сөздер «қамтамасыз етуге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) электрондық астық қолхатын астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімінде тіркеуді жүзеге асыруға;

6) астықты қабылдау және тиеп жөнелту кезінде астықтың физикалық салмағын есепке алудың электрондық аспаптарын пайдалануға міндетті.»;

5) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын.

«16-бап. Астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру

Астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру «Астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

6) 25-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Астықты сақтау, сандық-сапалық есепке алу мәселелері, сондай-ақ астық қолхаттарын беру, олардың айналымы және оларды өтеу жөніндегі нормативтік

құқықтық актілердің бұзылғаны анықталған, астық қабылдау кәсіпорындарының лауазымды адамдарының сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделеріне қатер төндіруі мүмкін заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі анықталған жағдайда, уәкілетті орган астық қабылдау кәсіпорнына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер бойынша айыппұл салу және өндіріп алу түрінде жауапкершілік қолдануға құқылы.»;

7) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«28-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттары бойынша міндеттемелерін қамтамасыз ету мақсатында оларға қатысты әкімшілік, заңдық, қаржылық, ұйымдық-техникалық және басқа да, оның ішінде уақытша басқаруды енгізуге әкеліп соқтырған себептерді жою жөніндегі іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізуді білдіреді.

2. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару:

1) астық қолхаттарын ұстаушының бірінші талап етуі бойынша астықты беруден бас тарту түрінде көрсетілген, астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі шарттық міндеттемелерді тиісті орындамау;

2) астық қолхаттарымен қамтамасыз етілген немесе астық иелерінің жеке шоттарында бар астық мөлшерінің астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықтың нақты мөлшерінен асып кету немесе сақтауға қабылданған астық сапасының нашарлау фактісінің анықталуы орын алған кезде сот шешімімен енгізіледі.

3. Астық қабылдау кәсіпорны астық қолхатын ұстаушының бірінші талап етуі бойынша астықты беруден бас тартқан жағдайда, астық қолхатын ұстаушы бас тартылған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей уақытша басқаруды енгізу туралы жазбаша өтінішпен уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне жүгінеді.

4. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі өтініш келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жоспардан тыс тексеру тағайындау туралы бұйрық шығарады, оның негізінде мемлекеттік астық инспекторы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен шарттық міндеттемелерді орындамауға жол берген астық қабылдау кәсіпорнын жоспардан тыс тексеруді жүзеге асырады.

Астық қабылдау кәсіпорнын тексеру қорытындылары бойынша тексеру актісі жасалады, оған мемлекеттік астық инспекторы мен астық қабылдау кәсіпорнының өкілі қол қояды.

5. Мемлекеттік астық инспекторы жоспарлы немесе жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген бұзушылықтарды анықтаған жағдайда, тексеру актісі жасалады, оған мемлекеттік астық инспекторы мен астық қабылдау кәсіпорнының өкілі қол қояды.

6. Осы баптың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген бұзушылықтар

анықталған жағдайда, мемлекеттік астық инспекторы уәкілетті органның тиісті аумақтық бөлімшесіне астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы ұсыныс енгізеді.

7. Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі уақытша басқаруды енгізу үшін негіз болып табылатын фактілер анықталған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде:

1) уәкілетті органға астық қабылдау кәсіпорнын тексеру актісін және (немесе) астық қолхаттарын ұстаушылардың өтініштерін (олар бар болса) қоса бере отырып, уақытша басқаруды енгізу үшін негіздердің бар-жоғы туралы қорытындыны қамтитын уақытша басқаруды енгізу туралы ұсынымды факсимильді байланыс арқылы (кейін түпнұсқасын жібере отырып) жолдайды;

2) астық қабылдау кәсіпорнына, осы астық қабылдау кәсіпорнымен астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымына және сол астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушыларға ұсыныс жіберілген сәттен бастап күнтізбелік екі күн ішінде осындай ұсынысты алу және жіберу фактісін растайтын тәсілмен уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына кандидатуралар беру туралы ұсыныс жібереді.

8. Осы баптың 7-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жеке және заңды тұлғалар кандидатура ұсынбаған не олар кандидатура ұсынудан бас тартқан жағдайда уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі уақытша басқару жөніндегі комиссияны дербес қалыптастырады.

9. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның дербес құрамы бойынша ұсыныстарды аумақтық бөлімше уақытша басқаруды енгізу туралы ұсыныс жіберілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға береді.

10. Уәкілетті орган уақытша басқаруды енгізу туралы ұсынымды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде және уақытша басқару жөніндегі комиссияның дербес құрамы туралы мәліметтер келіп түскеннен кейін тез арада сотқа астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы өтініш береді.

11. Сот уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде аумақтық бөлімше астық қабылдау кәсіпорнының қаражаты есебінен республикалық, облыстық маңызы бар кемінде екі газетте мемлекеттік тілде және орыс тілінде астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы хабарландыру жариялайды.

12. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды уақытша басқару жөніндегі комиссия және уақытша әкімшілік жүзеге асырады.

13. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қабылдау кәсіпорнының қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

14. Уақытша басқару кезеңінде заңсыз әрекеттермен астық қабылдау кәсіпорнына келтірілген залал үшін уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелері, уақытша

әкімшілік мүшелері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады.»;

8) 29-бап алып тасталсын;

9) 30, 31-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«30-бап. Уақытша басқару жөніндегі комиссия

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссия уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, облыстың жергілікті атқарушы органының, астық қабылдау кәсіпорнының, осы астық қабылдау кәсіпорны берген астық қолхаттарын ұстаушылардың, астық қабылдау кәсіпорны сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымының өкілдерінен тұрады.

Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамы кемінде бес адамнан қалыптастырылады.

2. Сот астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдаған күнінен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақытша басқару жөніндегі комиссия:

1) уақытша басқару жөніндегі комиссия төрағасының кандидатурасын айқындайды және оны уәкілетті органға бекітуге жолдайды;

2) астық қабылдау кәсіпорнына қызмет көрсетуші банктің атына астық қабылдау кәсіпорнының шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама жібереді;

3) уақытша әкімшіліктің құрамын бекітеді.

3. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жүргізілетін мерзім ішінде уақытша басқару жөніндегі комиссия:

1) уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды жүзеге асырады, оның қорытындылары бойынша уақытша әкімшілікке астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару кезеңіндегі қызметтің негізгі бағыттары туралы ұсынымдар енгізеді;

2) уақытша әкімшіліктің жұмыс жоспарын бекітеді және айына екі рет уақытша әкімшіліктің атқарылған жұмыс туралы есебін тыңдайды және бекітеді;

3) уақытша әкімшіліктен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның қызметі және астық қабылдау кәсіпорнының қызметі туралы, оның ішінде астық қабылдау кәсіпорнының іс жүзіндегі жай-күйі, жүргізілген ақша төлемдері және астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу есебіне келіп түскен ақша қаражаты және (немесе) астық туралы ақпарат беруді талап етеді.

4. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады және уақытша әкімшіліктің орындауы үшін міндетті болып табылады.

5. Егер астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықтың тазалау немесе өлшеу арқылы айқындалған мөлшері астық қолхаттарын ұстаушылардың уақытша басқару кезеңінде мәлімделген талаптарының бәрін қанағаттандыру үшін жеткілікті болған

жағдайда, уақытша басқару жөніндегі комиссия астық қабылдау кәсіпорнын тазалау актісін және тексеру актісін, уақытша әкімшілік қызметінің нәтижелері туралы есепті және астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссия отырысының хаттамасын қоса бере отырып, уәкілетті органға уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы ұсыныс енгізеді.

31 - бап. Уақытша әкімшілік

1. Уақытша әкімшілік – астық қолхаттарын ұстаушылардың, уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің, астық қабылдау кәсіпорнының, осы астық қабылдау кәсіпорнымен сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымының өкілдерін қамтитын, уақытша басқару қолданылған кезеңде астық қабылдау кәсіпорнын басқаруды жүзеге асыратын алқалы орган.

Уақытша әкімшілікті уақытша басқару жөніндегі комиссия тағайындайды.

2. Сот астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшіліктің құрамына өкілдерді сайлау үшін астық қолхаттарын ұстаушылардың жиналысын өткізуді ұйымдастырады. Бұл ретте уақытша әкімшіліктің құрамына сайлануға басым құқыққа осы астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықтың ең көп мөлшерін иеленуші астық қолхатын ұстаушылар ие болады.

3. Уақытша әкімшіліктің құрамына астық қолхаттарын ұстаушылардан және (немесе) астық қабылдау кәсіпорнынан кандидатуралар ұсынылмаған жағдайда, уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшіліктің құрамын дербес бекітуге құқылы, бұл ретте сақтаудағы астықтың ең көп мөлшерін иеленуші тұлғалардың бірі астық қолхатын ұстаушылардан уақытша әкімшіліктің мүшесі болып айқындалады.

4. Егер астық қабылдау кәсіпорны сақтандыру ұйымымен астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасаспаған жағдайда, шешім қабылдау кезінде уақытша әкімшілік мүшелерінің дауыстары былайша бөлінеді:

- 1) астық қолхаттарын ұстаушылар – елу пайыз;
- 2) астық қабылдау кәсіпорны – жиырма бес пайыз;
- 3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – жиырма бес пайыз.

5. Астық қабылдау кәсіпорны сақтандыру ұйымымен астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқан жағдайда, шешім қабылдау кезінде уақытша әкімшілік мүшелерінің дауыстары былайша бөлінеді:

- 1) астық қолхаттарын ұстаушылар – жиырма бес пайыз;
- 2) астық қабылдау кәсіпорны – жиырма бес пайыз;
- 3) уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі – жиырма бес пайыз;
- 4) сақтандыру ұйымы – жиырма бес пайыз.

6. Уақытша басқару енгізілгеннен кейін астық қабылдау кәсіпорнының атынан және

есебінен уақытша әкімшіліктің жазбаша келісімінсіз жасалған барлық мәмілелер
ж а р а м с ы з д е п т а н ы л а д ы .

Уақытша басқару қолданылатын кезеңде астық қабылдау кәсіпорнының міндеттемелерін ұлғайтуға, астық қабылдау кәсіпорнының мүлкін пайдалануға немесе иеліктен шығаруға қатысты құрылтайшылардың (акционерлердің, қатысушылардың) және астық қабылдау кәсіпорнын басқарудың өзге де органдарының шешімдерін және астық қабылдау кәсіпорнының берілген астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін өзге де шешімдерді орындау
т о қ т а т ы л а т ұ р а д ы .

7. Уақытша әкімшілік бірінші кезектегі тәртіппен:

1) астық қабылдау кәсіпорнының қаржылық жай-күйіне: капиталдың барабарлығы, активтерді талдау, кірістер мен шығыстарды талдау бағыттары бойынша талдау
ж ү р г і з у г е ;

2) астық қабылдау кәсіпорнының мүлкін және оның міндеттемелерін, сондай-ақ астық қабылдау кәсіпорнында сақтаулы астықты түгендеуді жүргізуге;

3) астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы берешекті қоса алғанда, астық қабылдау кәсіпорнының кредиторлық берешегін айқындауға;

4) сотқа талап-арыз дайындау мен беруді қоса алғанда, мерзімі өткен дебиторлық берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдауға;

5) астық қабылдау кәсіпорнының басқару құрылымын және штат санын айқындауға ;

6) астық қолхаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) бар карточканы, олардың қол қою үлгісін уәкілетті органға ұсынуға;

7) банкте банк операциялары бойынша операцияларды жасау үшін құжаттарға қол қою құқығы бар лауазымды адамдардың қол қою үлгісі бар жаңа карточканы қызмет көрсетуші банкке ұсынуға (бұл ретте уақытша әкімшілік тағайындалғанға дейін ұсынылған карточка жойылуы тиіс);

8) уақытша басқару жөніндегі комиссияға астық қабылдау кәсіпорнының іс жүзіндегі жай-күйі туралы ақпаратты ұсынуға және осы астық қабылдау кәсіпорнының шаруашылық қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге міндетті.

8. У а қ ы т ш а ә к і м ш і л і к :

1) осы Заңда айқындалған құзыретінің шегінде тиісті актілерді қабылдауды қоса алғанда, астық қабылдау кәсіпорны қызметінің барлық мәселелері бойынша дербес
ш е ш і м д е р қ а б ы л д а у ғ а ;

2) уақытша басқару кезеңіне астық қолхаттарында көрсетілген астық көлемінің елу пайызына дейінгі мөлшерде олардан туындайтын барлық талаптардың қанағаттандырылуын тоқтата тұруға;

3) қабылданған астық мөлшері бойынша астық қабылдау кәсіпорнының міндеттемелерін қалпына келтіруге бағытталған шарттар жасасуға және құжаттарға қол

қ о ю ғ а ;

4) астық қабылдау кәсіпорнының атынан және мүддесінде өкілдікті, оның ішінде сотта да, жүзеге асыруға;

5) астық қолхаттарын ұстаушылардың мүдделерінде осы астық қабылдау кәсіпорнымен астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымына сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру туралы талап қоюға;

6) астық қабылдау кәсіпорнының қаржы-шаруашылық қызметін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартуға құқылы.

9. Уақытша әкімшіліктің мүлікті кепілге, мүліктік жалға беруді қоса алғанда, астық қабылдау кәсіпорнының мүлкін иеліктен шығару бойынша шешімдер қабылдауына ж о л б е р і л м е й д і . » ;

10) 32-бап алып тасталсын;

11) 33-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«33-бап. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды тоқтату

1. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару мынадай негіздер:

1) сот шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің өтуі;

2) соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы б о й ы н ш а т о қ т а т ы л а д ы .

2. Уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау негіздерінің бірі:

1) астық қабылдау кәсіпорнының берілген астық қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін қалпына келтіру;

2) уақытша басқару кезеңінде басқа астық қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға әсер ететін мән-жайлардың болмауы шартымен астық қолхаттарын ұстаушылардың барлық мәлімделген талаптарын толық көлемде қанағаттандыру болып т а б ы л а д ы .

3. Астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізуге әкеп соқтырған себептердің жойылуына байланысты оның аяқталуы (оның ішінде мерзімінен бұрын) осы астық қабылдау кәсіпорнына қатысты сот шешімінің негізінде қабылданған барлық шектеулердің күшін жоюға алып келеді.

4. Егер астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару астық қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындау қабілетін қалпына келтіруге жеткізбеген жағдайда, уақытша ә к і м ш і л і к :

1) облыстың тиісті жергілікті атқарушы органына астық қабылдау кәсіпорнын астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру туралы ұсыныс енгізеді;

2) уақытша басқару мерзімі аяқталғанға дейін сотқа астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлеп тарату туралы талап-арыз береді.

Астық қабылдау кәсіпорнын мәжбүрлеп тарату туралы талап-арызды қарау

кезеңінде уақытша басқару тоқтатылған жағдайда, талапкердің барлық құқықтары мен міндеттері уақытша әкімшілік функцияларын жүзеге асырған тұлғаларға өтеді.»;

12) 40-баптың 3-тармағының 2) тармақшасындағы «беруге құқығы бар;» деген сөздер «беруге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) астық қабылдау кәсіпорнынан мынадай жағдайларда: егер борышкер кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемені орындамаса; егер кепіл заты сапасы бойынша жоғалған не нашарлаған болса; астық қабылдау кәсіпорнын тарату не астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу кезеңінде кепіл куәлігі бойынша астық беруді талап етуге құқығы бар.

Борышкердің кепіл куәлігімен куәландырылған міндеттемені орындамау фактісін дәлелдеу ауыртпалығы кепіл куәлігін ұстаушыға жүктеледі.»;

13) 41-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«41-бап. Астық қолхаты бойынша астық беру

1. Астық қолхатын ұстаушы немесе кепіл куәлігін ұстаушы осы Заңның 40-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда астықты алу үшін астық қабылдау кәсіпорнының орналасқан жеріне өзі келуге немесе сенімхат бойынша уәкілетті өкілін жіберуге міндетті.

2. Астық қолхатын ұстаушының өтініші бойынша астық беру өтеуге жататын қойма және кепіл куәліктерінің түпнұсқасына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.

Кепіл куәлігін ұстаушының өтініші бойынша астық беру өтеуге жататын кепіл куәлігінің түпнұсқасына айырбастау арқылы жүзеге асырылады.»;

14) 8-тарау мынадай мазмұндағы 41-3-1-баппен толықтырылсын:

«41-3-1-бап. Электрондық астық қолхаты

1. Электрондық астық қолхаты бөлінбейді. Электрондық астық қолхатын ұстаушы тек бір ғана адам болады.

2. Электрондық астық қолхатының тіркелу, айналымы және өтелу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Астық қабылдау кәсіпорнының электрондық астық қолхаттарымен операцияларды жүргізуге жауапты әрбір қызметкері үшін электрондық цифрлық қолтаңбасы болуға тиіс.

4. Электрондық астық қолхатын жасағаннан кейін астық иесі астықтың бар-жоғын растау ретінде астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімінен үзінді көшірме алуға құқылы.

5. Астық қолхаттарының мемлекеттік электрондық тізілімі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ықпалдастырылады.

6. Электрондық астық қолхаттарының айналысына байланысты қатынастарға осы бапта көзделген жағдайларды қоспағанда, тиісінше электрондық астық қолхаттарының құқықтық режимі қолданылады.».

4. «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж. № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат ; № 15 , 97 - құжат) :

1) 6 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 26-2) тармақшамен толықтырылсын:
«26-2) ауылдық жерлерде шағын кредит беру жүйесін дамыту мониторингін жүзеге асыру ; » ;

2-тармақтың 2), 4), 5) және 6) тармақшалары алып тасталсын.

5. «Мақта саласын дамыту туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж ., № 16, 130-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 15 , 97 - құжат) :

1) 7-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) сотқа мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы өтініш беру ;» ;

2) 33 - бап алып тасталсын ;

3) 34 - бапта :

1 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уақытша басқару жөніндегі комиссияны уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшесінің, облыстың жергілікті атқарушы органының, мақта қолхаттарын ұстаушылардың және мақта өңдеу ұйымы қатысушысы болып табылатын мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдерінен уәкілетті орган қалыптастырады.

Уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан құралуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс.» ;

«3. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару енгізілген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде уақытша комиссия мақта өңдеу ұйымына қызмет көрсететін банктің атына осы мақта өңдеу ұйымының шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама жібереді.» ;

5-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын ;

4) 35 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Уақытша әкімшілік – уақытша басқару жөніндегі комиссияның мүшелері болып табылмайтын мақта қолхаттарын ұстаушылардың, уәкілетті органның және (немесе)

оның аумақтық органының, мақта өңдеу ұйымының, мақта өңдеу ұйымы қатысушысы болып табылатын мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдерін қамтитын, уақытша басқару қолданылатын кезеңде мақта өңдеу ұйымын басқаруды жүзеге асыратын алқалы орган.

Уақытша әкімшілікті уақытша басқару жөніндегі комиссия тағайындайды.»;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

5) 36 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару:

1) сот шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің өтуі бойынша;

2) сот уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдаған

жағдайда тоқтатылады.»;

2-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

6. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27 -құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95 - құжаттар; № 15, 97 - құжат):

13-баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде:

1), 2) және 3-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ветеринария, өсімдіктер карантині және оларды қорғау, тұқым шаруашылығы, мақта нарығы саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде – бір жылда бір реттен;

болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – үш жылда бір реттен;

2) санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, астық нарығы (астық қабылдау кәсіпорындарын бақылауды қоспағанда) саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен;

болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен;

3) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен;

болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жылына бір реттен;»;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) астық қабылдау кәсіпорындарын бақылау бөлігінде астық нарығы саласында:

жоғары тәуекел дәрежесі кезінде – айына бір реттен;

орташа тәуекел дәрежесі кезінде – тоқсанына бір реттен;

болмашы тәуекел дәрежесі кезінде – жарты жылда бір реттен жиі болмауға тиіс.».

2 - б а п .

О с ы З а ң :

1) 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы абзацтарын, 4) тармақшасын, 14) т а р м а қ ш а с ы н ;

2) «Астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхаттарын ұстаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген сәттен бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағы 1) тармақшасының екінші абзацын, 2) тармақшасының екінші абзацын, 3) тармақшасының он бірінші абзацын, 5) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті